

Әкім кездесуі – жаңа форматта



2-бет

Отбасында зорлық көбейіп барады



4-бет

500 спортшы бақ сынасты



8-бет



1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

# ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБІ, 29 ШІЛДЕ, 2023 ЖЫЛ №83 (23 259)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

## БІЛІМ Бір оқушыға – 40 мың теңге

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан 400 мыңнан астам бала мектеп формасымен, мектепке қажет керек-жарақпен қамтамасыз етіледі. Биыл әр оқушыға киім, оқу құралдарын сатып алуға 40 567 теңге төленеді.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Қаражат ата-аналарға балалармен бірге мектеп формасын, аяқ киімді, кеңсе тауарларын өздері таңдап алу үшін беріледі. Қабылданған өзгерістер ата-аналар мен балаларға жеткізушілерді өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді, – дейді Балалардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының орынбасары Жолдас Бағырхан.

Бұл үшін елде жалпыға бірдей міндетті орта білім беру қоры жұмыс істейді. Қор атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардан шыққан балаларға, сондай-ақ, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балаларға материалдық көмек көрсетеді. Бұл қатарға жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, төтенше жағдайға тап болған оқушылар да жатады. Барлық ақша аударымдары ата-аналардың карточкалық шоттары арқылы жүзеге асырылады.

Облыстың денсаулық сақтау басқармасын аталған көмекті алатын аймақ оқушыларының саны әлі нақтылануда екенін мәлімдеді. Оның саны құжат тапсырып болғаннан кейін белгілі болады. Былтыр мұндай қолдауды 12 мыңнан астам бала алған болатын. Орайы келгенде айта кету керек, 1-сыныпқа құжаттар қабылдау 1 тамызда аяқталады.

## Ұрпақтың саулығы – Ұлттың байлығы

Облыстық клиникалық аурухана базасында құрылған отбасын жоспарлау және репродуктивті денсаулық орталығының ашылғанына көп болмаса да, мұндағы жұмыс қызу. Орталық денсаулығына байланысты бала сүйе алмай жүрген жұптарға, жалпы гинекологиялық, урологиялық патологиясы бар адамдарға көмектесуге арналған. Мұндай бағыттағы орталықтың ашылуы – халықтың репродуктивті денсаулығына деген қамқорлық. Бүгінде өкінішке қарай, балалы болу мүмкіндігі бәріне бірдей деуге келмейді. Әрі бұл елдің демографиялық жағдайына тікелей әсер ететін болғандықтан, мемлекет бұл іске айрықша мән береді.

Сағыныш ӘБІЛ,  
«Ortalyq Qazaqstan»


50/50

– Әпке, әжелеріміз біледі, кеңсе заманы кезінде әйел адамдарға кеңсе беретін орталықтар болған, – деп бастады сөзін отбасын жоспарлау және репродуктивті денсаулық орталығының басшысы Ирина Копобаева. – Кейін олар таратылып, басқа ұйымдардың құрамына кіріп кетті. Бұрынғыдай кең қызмет тұрғындар үшін қолжетімсіз болып қалды. Оның үстіне әйел адамдармен қатар, ер адамдар да кеңсе алатын жаңа орталық ашу қажеттілігі туындады. Сондықтан, облыстың денсаулық сақтау басқармасы облыс әкімінің қолдауымен консультациялық-диагностикалық кеңсе беретін орын ашу бастамасын көтерді.

Ирина Леонидовнаның айтуынша, қазір бедеулік өте өзекті. Бір балаға зар болған отбасылар қатары жыл санап көбейіп келеді.

– Осыдан 15 жыл бұрын 70/30 жағдайда әйелдердің бедеулігі кездесе, қазір бұл 50/50-ге жетті. Яғни, балалы бола алмау себебінде әйелдер мен ер адамдар теңесті. Көптеген отбасылық жұп бұл мәселені жасырады, дер кезінде тіркелмейді. Уақыт өтіп, жасы келгенде бір-ақ қаралады, – дейді дәрігер.

4-бет



РЕФОРМА –  
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

## БРИФИНГ

## Көлік апаты: жылдамдық пен жауапсыздық

Көлік апаты статистикасы үстіңізге суық су құйып жібергендей. Айналырған алты айдағы көрсеткіш жол үстінде жан тапсырғандардың көптігін көрсетті. Мәселен, жол-көлік оқиғасынан облыста апат болғандардың саны – 47. Жарты жылда жан күйзелткен 131 апаттан 152 адам түрлі жарақат алыпты. Жергілікті полиция қызметі басқармасының мәлімдеуінше, апат саны былтырдың осы кезеңімен бірдей. Десе де, көз жұмғандар аз. Бірақ бұл көңілге медет емес. Өйткені жарақат алғандардың үлесі былтырғымен салыстырғанда 10 пайызға артық. Полиция қызметкерлері көлік апатының көпшілігі елді мекендер маңайында болатынын айтады. Алайда бұған қарап, республикалық және облыстық маңыздағы жолда жағдай тәуір деуге келмейді. Оларда да ахуал оңып тұрған жоқ. Тарқатсақ...

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Мәселен, былтыр осы уақытта көлік қақтығысынан 138 адам жарақаттаныпты. Биыл 152 екен. Жалпы жол-көлік оқиғасының жартысынан астамы, яғни, 56,4 пайызы – 74 оқиға елді мекендер маңында болған. Онда 13 адам көз жұмыпты. 87 жолаушы жарақаттаныпты. Полиция республикалық жолдағы апаттың да аз еместігін жасырмайды.

– Республикалық жолдардағы жағдай да күрделі. Ондағы 46 жол апатында 27 адам қаза тауып, 54-і жарақат алды. Облыстық маңызы бар жолдарда тіркелген 11 оқиғада 7 адам қайтып, 11 адам жарақаттанған, – дейді ЖПҚБ бастығының орынбасары, полиция полковнигі Талғат Османов.

Көлік апатының басым бөлігіндегі негізгі себеп – жылдамдық. Яғни, көлік жүргізушінің тиісті бекітілген жылдамдық шегінен асып кетуі. Дәл



осындай 62 факті тіркелген. Ол – көлік оқиғасының 47,3 пайызы. Бұдан соң екінші себеп – жаяу жүргіншілер өткелінде жол жүру ережелерін бұзу. Мұндай 37 дерек бар көрінеді. Жолдың қарсы бетіне шығып кеткен көлік

оқиғасының саны 8 екен.

Алдын алу – ең тиімді шара екені мәлім. Айталық, алдын алу кезінде 90 мыңнан астам жол қозғалыс ережесін бұзу анықталған. Оның ішінде тұлға ескелі де жетерлік. Қарсы жолға шығып

кеткен 564 жүргізуші тоқтатылған. Жаяу жүргіншілер ережесін бұзуда 1 571 дерек тіркелген. Мас күйінде көлік айдаған 707 жүргізуші ұсталыпты. Ереже бұзған 12679 жаяу жүргіншіге айыппұл салынған.

Әйтсе де, көлік оқиғасын жым-жылап тәуір мүмкін болмай келеді. Полиция тарапынан құқықтық сана мен мәдениетті қалыптастыруға қарқынды жасалып-ақ жүр. Ішкі істер органдарының ұдайы өткізілетін акция, айлықтары әр санаға сәуле жіберуге тырысқан әрекет. Мәселен, тап қазір аймақта «Автомобиль» алдын алу, «Рульде ұйықтама» акциясы өтіп жатыр.

Бұдан бөлек, апат болған жерлерде облыстық және республикалық жолдардың бойында ескерту баннерлері де орнатылды. Патрульдік көліктің 5 муляжы, апаттың ақыры қайда апаратынын ақпар берер тас-талқаны шыққан көліктің 6 қаңқасы тұр. Республикалық жолдың апаттық-қауіпті учаскелерінде 32 стробоскоп шам бар. Республикалық «Алматы-Екатеринбург», «Қызылорда-Павлодар» жолдарында жануарлардың 5 макеті қойылғанын айтады полиция.

Алты айда жол қозғалысын қамтамасыз ету үшін әкімшілік полиция қызметкерлері тарапынан 1161 көлік жолы, қала мен аудан орталықтарындағы қоше-көлік желілері тексерілген. Оның нәтижесінде көлік-коммуналдық ұйымның 1 107 басшысына кем-кетікті жою туралы нұсқаулықтар табысталыпты. Көлік жолын ұстаудың тәртібін бұзғаны үшін 278 өкілетті тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылған екен.

## ДЕНСАУЛЫҚ

## «Саламатты Қазақстан» – Ащысуда

«Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы Қарағанды облысының Ащысу станциясына келді. Қазір сол маңдағы ауыл тұрғындарына жоғары білікті медициналық көмек көрсетуде. Медициналық пойыз бұл жерден 29 шілде сағат 22:10-да жүріп кетеді.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Шалғайдағы елді мекен тұрғындары терапевт, стоматолог, офтальмолог, хирург, уролог, маммолог, педиатр және басқа да салалар бойынша тегін тексеруден өтіп, емделуге мүмкіндік алып отыр.

Пойыз заманауи диагностикалық және емдік жабдықтармен, ультрадыбыстық, флюорографиялық аппаратпен, шағын операциялық бөлмемен, зертханамен жабдықталған. Сымсыз интернет байланыс құралдары да бар.

«Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы әлеуметтік жобасын «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның және Денсаулық сақтау министрлігінің қатысуымен «Әлеуметтік жобалар қоры» корпоративтік қорымен ынтымақтастықта жүзеге асыруда. Әлеуметтік жобаның басты аппараттық серіктесі – ҚР Президентінің телерадиокешені.

26 сәуірде Алматы-2 стансасынан басталған «Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы 6 желтоқсанға дейін жүреді.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 495.37

•USD/KZT 444.72

•RUB/KZT 4.95

•CNY/KZT 62.23

Қазақстан Ұлттық Банкінің 28 шілде, 2023 жылғы дерегі бойынша



• ОБЛЫС ӘКІМНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

# Әкім кездесуі – жаңа форматта

Металлургия мекенінде халықпен кездесуге барған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың жұртшылықпен жүздесуі бұл жолы мүлде жаңа форматта өрбіді. Жиналыс ашып, уақыт оздыру болған жоқ. Халықтың әкіммен бетпе-бет сөйлесуіне бар мүмкіндік жасалды. Бұл формат – Халыққа қызмет көрсету орталығын еске түсірді. Аймақ басшысы бастаған облыстық басқармалардың басшылары, полиция, экология департаменттерінің өкілдері мәдениет үйінің кең дәлізінде халықты ашық қабылдады.

Тұрғындар түрлі басқарма, ұйым басшыларына мәселені тікелей айтып, шешімін табуға тырысты. Бұл үшін бірден бірнеше талон алды.

Сонымен қатар келушілердің ыңғайлылығы үшін балаларға арналған ойын алаңқайлары ұйымдастырылды. Ересектер өзекті

шағымданып, проблемаларын айтып қана қоймай, идеяларын да ұсынды. Мысалы, қоғам белсенділерінің бірі онкологиялық науқастар мен олардың туыстарын қолдау клубын ашқысы келетінін жеткізді.

Тағы біреуі Қарағандының үлгісі бойынша Теміртауға ерек-

ERJAN IMASH,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Тұрғындарды қабылдау төрт жарым сағатқа созылды. Жүзден астам адам мамандарға жүгінді. Электронды кезек ұйымдастырылды.

– Бізге Теміртау тұрғындарын қабылдайтын мамандардың тізімі берілді. Олардың барлығын бағдарламаға енгізіп, сынап көрдік. Ешқандай қиындықтар туындаған жоқ. Елге ХҚКО-ларда, банктерде үйреніп қалғандай,



электронды кезек бойынша қызмет көрсетілді. Енді бұл жүйе облыс әкімінің қабылдау алаңында да жұмыс істейді, – деп түсіндірді

ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және мұрағаттар басқармасының басшысы Константин Ильинский.

мәселелерін шешкенше, балдырғандарды еріктілер ойнатып отырды. Қабылдауға келгендер тек

ше қажеттіліктері бар балаларды оңалту үшін иппотерапия әлеуметтік жобасын енгізуге дайын.

Қабылдау қорытындысы бойынша Ермағанбет Бөлекпаев теміртаулықтарды толғандыратын топ-5 мәселені атап өтті.

– Коммуналдық мәселелер, жылу, электрмен жабдықтау, су – ең өзектісі. Әсіресе, бүгінгі таңда судың жағдайы өткір тұр. Қазір проблемалық учаскелерді жедел жөндеп жатырмыз. Келесі жылы күрделі жөндеуге өтінім береміз. Абаттандыруға да қатысты сұрақтар болды. Мердігерлердің жұмысына шағымданғандар да бар. Жолдар, жолаушылар көлігі, тұрмыстық мәселелер де бұқараны алаңдатады. Менің ойымша, мұндай қабылдау форматы тиімді. Өтініш-тілектің бәрі ескерусіз қалмайды. Бірлесіп шешеміз, – деді облыс әкімі.

• ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТА

# Көкпекті Қарағандыға қосылады

Қарағанды облыстық мәслихатының кезектен тыс V сессиясында бес мәселе қаралды. Сессияны облыстық мәслихат төрағасы Нүркен Қобжанов жүргізді. Халық қалаушыларының назарына облыстың экономика басқармасы басшысының міндетін атқарушы Гүлмира Әбішева Қарағанды қаласы мен Бұқар жырау ауданының әкімшілік-аумақтық шекараларын өзгерту туралы мәселені ұсынды. Ұсыныс негізінде депутаттар Көкпекті станциясын Қарағанды қаласына қосуды мақұлдады. Қабылданған қаулы ендігі кезекте Үкіметке жолданады.

САҒЫНЫШ ӘБІЛ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұндай шешімге келу жергілікті тұрғындардың сұрауымен жүзеге асып отыр. Себебі, Көкпекті аумақтық жағынан Бұқар жырау ауданына кіргенімен, ондағы бірқатар әкімшілік нысандар Қарағанды қаласының Ә.Бөкейханов ауданына қарайды. Осы орайда, халықтың тұрмыс - тіршілігіне қажетті коммуналдық қызметтер көрсету мен абаттандыруда екіжақты мәселелер туындаған. Халық жергілікті атқарушы органға елді мекенді Қарағанды қаласының құрамына қосуды сұрап, тиісті сауалдар жолдаған.

Сәуір айында жергілікті қоғамдастықтың жиыны өтіп, қатысушылар бірауыздан Қарағанды қаласына қосылуды

кейханов ауданында орналасқан мектепте дауыс береді. Көкпекті Сұрыптау станциясынан біршама алыс орналасқандықтан жергілікті халыққа дәрігерге қаралу үшін іргелес орналасқан Қарағанды қаласына келген әлдеқайда ыңғайлы. Осы мәселені онтайлы шешу үшін бүгінгі сессия жұмысына шығарып отырмыз, – деді Нүркен Қобжанов.

Мәселенің мәнісіне қаныққан депутаттар 500-ге жуық тұрғыны бар Көкпектіні Қарағанды қаласына қосу туралы шешіміне ұйымшылдықпен дауыс берді.

Сонымен қатар, сессияда облыстың тілдерді дамыту басқармасының басшысы Салтанат Әбеуова «Қарағанды облысының кейбір әкімшілік-аумақтық бірліктерін қайта атау туралы», облыстық мәслихаттың депутаты Асхат Есентұрғовтың депутаттық өкілеттігін мерзімінен бұрын



құптады. Экономика басқармасы әкімдіктердің қаулылары мен мәслихаттардың шешімдері негізінде Қарағанды облысы әкімдігінің Үкімет келісімін алу үшін Қарағанды қаласы мен Бұқар жырау ауданының әкімшілік-аумақтық шекараларын өзгерту туралы ұсыныс енгізу туралы бірлескен қаулысын әзірледі.

– Көкпектіні қалаға қосу туралы жергілікті халық бірнеше рет өтініш білдірген. Әрі бұл мәселе тұрғындардың аймақ басшысымен кездесуінде де көтерілген еді. Мәселен, сайлау кезінде көкпектіліктер Ә.Бө-

тоқтату туралы» Қарағанды облыстық сайлау комиссиясының міндетін атқарушы Сандуғаш Асылбекова, «Қарағанды облысы әкімдігінің жанындағы құқық бұзушылықтың алдын алу үшін Қарағанды қаласы мен Бұқар жырау ауданының әкімшілік-аумақтық шекараларын өзгерту туралы ұсыныс енгізу туралы бірлескен қаулысын әзірледі. «Қарағанды облысы әкімдігінің жанындағы терроризмге қарсы комиссияның құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы облыс әкімі аппаратының басшысы Ерлан Ғалиев баяндама жасады.

# «TortTulik» – ақпараттық хаб



Қазақстанда шілде айынан бастап, пилоттық режимде ауыл шаруашылығы жануарларының иелеріне арналған «TortTulik» мобильді қосымша іске қосылды. Жобаны Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіп кешеніндегі экономикалық саясатты талдау орталығымен бірлесіп әзірледі. Бұл туралы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитеті хабарлады.

САҒЫНЫШ ӘБІЛ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Комитеттің мәлімдеуінше, қосымша ауыл шаруашылығы жануарларының базасын кенейтуге, әрбір жануар иесіне өз

малын түгендеуге көмектеседі. Сондай-ақ, қосымшаның арқасында ветеринариялық дәрігерлер ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларды уақытылы және толық көлемде жүргізуге мүмкіндік алады.

«Қосымша смартфонда он-

лайн режимде жұмыс істейді. Интернет болмаған жағдайда, бағдарлама желіге қосылғаннан кейін деректер жаңартылады. Бағдарлама арқылы ветеринариялық төлқұжат алуға болады және болашақта малды сатып алу-сату, жоғалтқан таңбаны ауыстыру, сойғаннан кейін жануарды есептен шығару рәсімдерін жасауға болады.

«TortTulik» ауыл тұрғындары үшін ақпараттық хабқа айналады. Сондай-ақ, мобильді қосымшада саланың соңғы жаңалықтарын тарату мүмкіндіктері, алдағы

вакцинация туралы хабарламалар және тағы басқа деректер бар» делінген хабарламада.

Қосымша жаңартылғанды ет сатып алушыларға арналған бөлім енгізіледі. Қазақстандықтар «sogym.kz» қосымша бетінде тікелей ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіден жануардың ветеринариялық бақылауынан өткен тұтас етін тапсырыс бере алады. Өзірге «TortTulik» қосымшасын Android Play market-тен жүктеуге қолжетімді. Кейін iOS-тағы смартфонға бейімделеді.

• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

# Жолдың жыры бітпей тұр

Саран мен Шахтинскіні жалғайтын 19 шақырымдық жолдың жыры бітпей тұр. 2019 жылы басталған жөндеу жұмыстары әлі аяқталмаған. Жолаушылар сол баяғы шұрық-тесік, сиқы қашқан жолмен қатынауға мәжбүр. Бұқараның жанайқайын бізде тыңдап қайттық.

ЕРІК НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл жол – Саран мен Шахтинск арасындағы негізгі құртам. Әбден тозғаннан кейін 2019 жылы жөндеу жұмыстары басталған. Бірақ, облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы өкілдерінің сөзінше, жолдың әлі күнге дейін тапсырылмауына мердігер кінәлі. Компанияның аты – «СейСер» ЖШС. Олар жоспардың жартысына жетпей жатып, өздерін банкрот жариялаған. Осыған байланысты тапсырыс беруші тарап сотқа жүгінді. Сот өз кезегінде істі сараптай келе, мердігер компанияны кінәлі деп тауып, қара тізімге енгізген. Ал, қара тізімге жазылғандар тендерлерге қатыса алмайды. «Қарағанды-Саран-Шахтинск» тасжолының қотырланған 19 шақырымын жөндеуге облыстық қазынадан 4,5 млрд. теңге бөлінді. Берілген соманың 1,5 млрд. теңгесін «СейСер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жұмсаған. Сол қыруар қаражатқа жасалған жұмыс әлі

қабылданбай жатыр. Өйткені, шала-жансар халде. Айтып отырған 19 шақырымның ішінде 3 көпір бар. Екеуінің жағдайы тіпті, нашар. Көпір үстінде асфальт түгілі, жиегінде қоршау да жоқ.

Тұрғындар шұрық-тесік, шаңы көтерілген жол қажытты деп отыр. Көктем кезінде асфальт жабындысы жоқ шақырымдары әбден зур-ге салады екен.

– Өткен аптада көршінің ба-

ласы қатты ауырып, жедел жәрдем шақырған едік. Дәрігерлер кешігіп келді. Ашуланып, ақ халаттыларға өкпемізді айтқанда, олар нашар жолдың кесірінен жылдам жүре алмағандарын айтты. Содан ештеңе дей алмадық. Оларда кінә жоқ. Мына жолда сәл жылдам жүрсең, көліктің асты соғылады. Адам өлім аузында жатса, не болады? Жедел жәрдемнің кешіккеніне кім жауап береді? – дейді Шахан кентінің тұрғыны Светлана Ежуманова.

Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының қызметкері Ақылжан Уахитовтың айтуынша, жөндеу жұмыстары биыл қайта жанданады. Мерді-



герлер табылып, қажетті құжаттарға қол қойылған. Тек, жұмысты бастау ғана қалды деп отыр. Келесі жылы 19 шақырымды толығымен жөндеу үшін осы жаз аяқталғанша айналма жолдар төселмек. Ағынды суды өткізетін құбыр мәселесін де біржақты қылмақ.

– «Көкшетауавтодор» ЖШС мердігерлік ұйымы ағымдағы жылға уақытша айналма жолды, су өткізгіш құбырларды орнату, желілерді көшіру, көпірлерді абаттандыру және т.б. бойынша жұмыстарды жоспарлады. Бүгінгі таңда жоғарыда аталған жұмыстар басталды, – дейді облыстық жо-

лаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының бас маманы Ақылжан Уахитов.

Жаңа мердігердің жұмысы әкімдіктен бөлек, Қарағанды облысы бойынша «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» бақылауында болады.

– Жасалатын жұмыс қадағаланады. Қолданылатын материалдардың сапасы тексеріледі. Стан-дарттың толық сақталуы маңызды, – дейді ұлттық орталықтың маманы Талғат Тәукеханов.

Суреттерді түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



# Әл-ауқат пен әлеуметтік көңіл күй бұқара барометрі іспетті



**Әлеуметтік осал топ өкілдері де басты назарда**  
Биыл 400 айлық есептік көрсеткіш көлемінде 191 грант беру жоспарланған. Жалпы қарасты-

млрд. теңгеден астам қаражат жұмсалды. Яғни, мүгедектігі бар адамдарды оңалтудың жеке бағдарламасы негізінде оңалту құралдарымен және қызметтерімен қамтамасыз етілуде.

Қарағанды, Саран, Балқаш, Теміртау, Шахтинск, Приозерск қаласында, Абай, Бұқар жырау, Нұра, Осақаров, Қарқаралы ауданында тегін инаватақ бар. 10 арнайы әлеуметтік көмек көрсету орталығы қызмет жасайды.

Бірінші жартыжылдықта аймақта арнаулы әлеуметтік қызметпен 8 483 адам қамтылды. Оның ішінде, мүгедектігі бар балалар – 922, психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан – 2 257, жалғызбасты қарттар мен мүгедектер – 4 614 адам.

## Үкіметтік емес ұйым – ұйытқы

Халықты әлеуметтік қорғау және қолдау саласындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарды орындау мақсатында басқарма үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп жұмыс жүргізеді. Осы орайда, жалпы сомасы 76,9 млн. теңге көлемінде 244 адамды қамтитын үкіметтік емес ұйымдардың 8 жобасын іске асыру үшін келісім жасалған.

Сондай-ақ, аймақта психоневрологиялық аурулары бар, тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар үшін арнаулы әлеуметтік көмек көрсететін 12 орындық пилоттық жобасы жұмыс істейді. Бұған облыстық бюджеттен 12,8 млн. теңге бөлінді. Аталмыш жоба «OZIM» қоғамдық қоры арқылы жүзеге асырылууда.

әсер етіп жатқанын айтады. – Мұнда келгенімізге 3 аптадай болды. Көрсетілген

## Жұмыспен қамту

# Бағдарлама барысы қалай?

Бұқараны жұмыспен қамту мақсатында елімізде көптеген бағдарлама қалыптанып жатыр. Ал сол бағдарламаларда көрсетілген міндеттерді орындап, жоспарларды жүзеге асыру – жергілікті биліктің міндеті. Осы орайда Шет ауданында да жұмыссыздық деңгейін төмендетуде «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» аясында ілкімді істер жүзеге асуда.

## Сағыншы ӘБІЛ

Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту мақсатында жыл басынан «Электронды еңбек биржасы» арқылы тұрақты жұмысқа 427 адам орналасты. Жұмыссыздық деңгейі 3,4%-ды құрады.

– Бүгінде аудан бойынша жұмыссыздар саны 584 адамды құрап отыр. Оның ішінде, 218 адам жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысса, 67 адам жұмысынан айырылуына байланысты жәрдемақы алууда. Елді мекендердің санитарлық тазалық жұмыстарын атқару үшін қоғамдық жұмыс орындарына жыл басынан 131 адам жолданды. Оның ішінде 35 адам қоғамдық жұмыс орындарын аяқтады, – дейді Шет аудандық Мансап орталығының басшысы Аманбол Амангелдин.

Сонымен қатар «Жастар тәжірибесімен» 25 адам жұмысқа орналастырылды. Оның 19-ы тұрақты жұмысқа тұрды. «Алғашқы жұмыс орны» жобасы аясында 3 адам мамандық бойынша жұмысқа орналастырылды. «Күміс жас» жобасымен 67 адам жұмыс істеуде. Шағын және орта бизнесі қолдау мақсатында жыл басынан 14 жұмыс берушіге 20 адам жолданып, жалалыларының 35%-ы мемлекет тарапынан субсидияланды.

«Бастау Бизнес» бағдарламасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне 174 адам оқып, арнайы сертификат алды. Оның ішінде, 15 азаматқа 400 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қайтарымсыз грант берілді.

## Шет ауданы

Мәдина Жекенова. Тағы бір ана Вероника Афанасьева да ризашылығын білдіреді.

– Орталықта біздің балаларымыздың толыққанды өмір сүруіне және басқа балалармен араласуына бар мүмкіндік жасалған. Олар осында болған уақытта жұмыс істеуге мүмкіндігіміз бар. Әр қызметкерге еңбегі мен балаға деген қамқорлығы үшін рахмет! – деді олар.

Сыйымдылығы шағын үйлердің нәтижесінде денсаулығында кемістігі бар балаларды абилитациялау сапалы форматта жүргізіледі. Себебі, мұндағы балалар санының аз болуы әрқайсымен жеке жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Ай басындағы дерек бойынша мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін 750-ге жуық мемлекеттік субъект бар.

Бүгінгі таңда Қазақстанда 711,8 мың мүгедектігі бар адам тұрады. Оның ішінде, ересектердің саны – 607,6 мың адам (еңбекке қабілетті жастағы – 420 мың адам, зейнеткер – 187,5 мың адам). Сонымен бірге, бұл санатқа жататын 18 жасқа дейінгі 104,3 мың бала бар.

1 шілдедегі жағдай бойынша әлеуметтік қызмет көрсету жүйесі 109 мыңнан астам адамды қамтығанын атап өту керек.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

## Сағыншы ӘБІЛ

### 54 мың адамға нәпақа

Аймақта еңбек нарығын цифрландыру, жұмыспен қамту орталықтарының жұмысын реформалау, нәтижелі жұмыспен қамту, жаппай кәсіпкерлікті дамыту және тұрғындарды жұмыспен қамтуды арттыру үшін мемлекеттік бағдарламалар іске асырылып жатыр.

– Әлеуметтік қорғау – облыстағы мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі. Жұмыссыз халыққа әлеуметтік қолдау биыл

леген бастамалар негізінде 17 мың адамды жұмыспен қамту көзделген, – дейді облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Әсем Жүніспекова.

Биылғы жылдың 20 шілдесіне дейін 24 488 тұрғын жұмысқа орналасып, 9 503 жұмыс орыны құрылды.

Нақтырақ айтқанда, «Жастар тәжірибесі» жобасымен – 121, «Бірінші жұмыс орыны» жобасымен – 151, «Ұрпақтар келісімшарты» жобасымен – 11, «Күміс жас» жобасымен – 569, қоғамдық жұмысқа – 2 678, әлеуметтік

## Жеңілдетілген несие, қайтарымсыз грант

Мемлекет басшысының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында жастар бастамашылығын қолдауға жіті мән берілді. Осы орайда жастарға жылдық мөлшерлемесі жеңілдетілген 2,5%-бен 324 несие беру көзделген. Жалпы құны 1 млрд. 620 млн. теңгені құрайды. Оның 70%-ы қалаға, 30%-ы ауылға бағытталған. Бүгінде, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның облыстық филиалына 942,5 млн. теңге қаражатқа 207

## Аймақтағы жобалар аясында жұмыспен қамтылғандар – 3977



қабылданған «Өңірлік жұмыспен қамту картасы» аясында жүзеге асуда. Соған сәйкес 54 мың адамды жұмысқа орналастыруды жоспарлап отырмыз. Бүгінгі таңда облыстағы жұмыссыздық деңгейі – 4,2%. Республикалық көрсеткіштен 0,6%-ға төмен. Нақты көрсеткіштерге тоқталсақ, ұлттық жоба аясында бес мың, бос жұмыс орындарына 22 мың, жеке-

жұмысқа – 356 адам тартылды. Барлығы 3 977 адам жұмыспен қамтылды.

Жұмыссыздық деңгейінің төмендеуінде бос жұмыс орындарының да үлесі басым. 22 095 адамды жұмысқа орналастыру жоспарланса, орындалысы 49%-ды құрады. Жеке бастамалар арқылы 7 568 адам, ал ұлттық жобамен 1 935 адам еңбекке араласты.

өтініш түсті. Арнайы комиссия 154 өтінішті қанағаттандырды. Ол – 696,6 млн. теңге. Жалпы бүгінде 136 шағын несие беріліп, 614,6 млн. теңгені құрады. 135,5 млн. теңге көлеміндегі 33 өтінішті «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ қарастырып жатыр. 41,1 млн. теңге көлеміндегі қаражат жоспарланған 9 өтініш комиссиядан өтпеді.

рылған қаражат 268,6 млн. теңге. Бүгінде, 148 грант бөлініп, 68-і – көпбалалы отбасына, 42-і – мүмкіндігі шектеулі жандарға, 38-і халықтың басқа топ өкілдеріне бағытталды.

Қазіргі таңда аймақта мүгедектігі бар 55 мыңнан астам адам тұрады. Бұл жалпы халық санының – 4,9%-ы. Бұл әлеуметтік осал топ өкілдерін қолдауға 3

## Өңірді дамыту

# Көңілге медет сыйлаған

әсер етіп жатқанын айтады. – Мұнда келгенімізге 3 аптадай болды. Көрсетілген

Бүгінде еліміздің әр өңірінде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін түрлі шаралар қолға алынууда. Осы айдың басында Қарағандыда ашылған «Өзім» жобасы – солардың бірі. Еңбек және халықты әлеуметтік қолдау министрлігі сыйымдылығы шағын үйлер жобасы арқылы аталған бақытқа жеке секторды тартпақ. Мұндай пилоттық жоба жыл соңына дейін Ақмола, Батыс Қазақстан, Түркістан облыстары мен Астана, Алматы, Шымкент қалаларында да ашу жоспарланған.

## Жансая ОМАРБЕК



Қарағандыда пилоттық жоба бірінші болып ашылды. Мұнда қазір күндізгі стационар жағдайында психоневрологиялық патологиясы бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар арнайы әлеуметтік қызметтер алууда. Өз кезегінде ата-аналар орталық балаларының жағдайына оң

көмектің арқасында баламның денсаулығы жақсарып келеді. Мұнда балаларға жақсы жағдай жасалған, олар өздерін үйдегідей сезінеді. Қажетті көмектің барлығы қарастырылған. Осы орталықтың жоғары білікті мамандарына алғыс айтамын, – деді





# Ұрпақтың саулығы – Ұлттың байлығы

(Соңы. Басы 1-бетте)

## Бедеуліктің шешімі бар

Бедеулік диагнозы қойылған отбасылық жұптар тікелей осында келулеріне болады. Мұнда тек осы мәселемен айналысатын екі репродуктолог маман бар. Олар науқастарды бастан-аяқ тексереді. Барлық тексеруден кейін «Аңсаған сәби» бағдарламасы аясында экстракорпоральды ұрықтандыруға квота болады.

– Биылға жоспарланған 700 квотаның жартысына жуығы бөлінді. ЭКУ – операциядан, дәрі-дәрмектен нәтиже болмағанда қолданылатын әдіс. Жалпы бедеуліктің көбейіп кеткені әлеуметтік ортамызға да байланысты. Біздің жүріс-тұрысымыз, ішіп-жегеніміз, одан бөлек, сыртқы факторлар да әсер етеді, – дейді Ирина Копобасева.

Дәрігердің айтуынша, себептері белгісіз бедеулік формалары да болады.

– Қандай да бір нақты диагнозы жоқ бедеулік түрлері де кездеседі. Бұл ретте мәселе орталық жүйке жүйесінде. Адам санасындағы кедергі (блок) кеткен кезде жүктілік ешқандай емсіз, өздігінен болуы мүмкін. Бізде сондай жағдай тіркелді. Бірі – 10 жыл, екіншісі 12 жыл бала көтере алмай келе жатқан екі әйел дәрігерлерден өтіп, квотасын алып жасанды ұрықтандыру жасатуға барып тұрғанда аяғы ауыр екенін білген, – дейді Ирина Леонидовна.

Мұндай жағдайдың көп болмайтыны екіншісі. Оның айтуынша, бедеулік диагнозымен 2 мың адам есепте тұр.



Қолында жасалған Әбібек РАХИМЖАН

## Күтпеген сәби бола ма?

Орталық басшысының сөзінше, қандай да бір патологияға күдік туған жағдайда жүкті әйел осында келіп, сарапшылық санаттына жататын УДЗ аппаратынан өте алады. Сол арқылы патология не расталады, не жоққа шығарылады.

– Кейінгі кезде дамуында туа біткен кемістігі бар балалар қатары біршама көбейді. Ал, хромосомалық өзгерістерге ұшыраған балалар сол деңгейде деуге болады. Туа біткен патологияға әкелетін бірінші себеп – жоспарланбаған жүктілік. Яғни, әйел өзінің жүкті болып қалу мүмкіндігіне мән

бермейді. Жүкті екенін білмей бала денсаулығына зияны тиетін әрекеттерге барады. Темекі шегеді. Бізде темекі шегетін әйелдер көбейді. Күн астында көп жүреді. Ол да жақсы емес. Екіншіден, жүктілікке дайындалмайды. Дайындықтың ең қарапайым түрі – фоллий қышқылын ішу. Жүктілікті жоспарлағанда кемі 2-3 ай бұрын фоллий қышқылын іше бастауы керек. Өзі арзан, өзі қарапайым әдіс туа біткен ақауларды 30 пайызға кемітеді, – дейді Ирина Копобасева.

Туа біткен патологияларға көбінесе жүрек, орталық жүйке жүйесі аурулары, омыртқа дерт-

терін жатқызады. Ол балалар өмір бойы мүгедек болып қалуы мүмкін. Ал, бұл шектеуді өзге емес, өз анасынан келгенін ол балалар білмейді де мой.

Ирина Леонидовна Кеңес Одағы кезінде фоллий қышқылын ұнға қосқанын, сол арқылы әйелдер оның қажетті деңгейін алатынын еске алды. Қазір оның айтуынша, ұн шығаратын кәсіпорындардың ешқайсы бұлай істемейді.

– Денсаулық сақтау саласы мамандары ретінде әр әйелге ескертіп отырудан басқа амалымыз жоқ. Оны орындаса, жақсы, – дейді ол.

# Отбасында зорлық көбейіп барады

**Қазақстанда отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық деңгейі жылдан-жылға өсіп барады. Мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам қабылдаған шараларға қарамастан, тұрмыстық зорлық-зомбылық проблемасы шешілмей тұр. 2023 жылғы 30 маусымда Ішкі істер министрлігі алқасының кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы осы салада кешенді профилактикалық жұмыс бойынша шұғыл шаралар қабылдау қажеттігін тағы да атап өтті.**

Бас прокуратураның мәліметтері бойынша 2018-2022 жылдары ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша өсім байқалады. Бұл ретте әйелдерге қатысты ауыр қылмыстар бойынша өсім 153%-ды, ал, аса ауыр қылмыстар бойынша 20%-ды құрады. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қайтыс болған әйелдердің саны көп (2017 – 39 (44,8%), 2021 – 103 (73%).

5 жыл ішінде жәбірленушінің өліміне әкеп соққан 441 тұрмыстық қылмыс тіркелген. Оның ішінде, 224 әйел бар. Денсаулыққа орташа ауырлықтағы зиян келтірудің 1,5 мың фактісінің 1,2 мыңы әйелдерге жасалды.

«Дағдарыс орталықтары одағы» заңды тұлғалар бірлестігінің мәліметтері бойынша кейінгі тоғыз айда елдегі тұрмыстық зорлық-зомбылық деңгейі шамамен екі есеге өсті. Дағдарыс орталықтарына жыл сайын туыстары немесе жақындары тарапынан зорлық-зомбылыққа ұшыраған 70 мыңға жуық әйел жүгінеді.

Біздің ойымызша, бүгінгі таңда әйелдерге қатысты қылмыс санының өсуі – белгілі бір дәрежеде 2017 жылы тұрмыстық зорлық-зомбылық («Ұрып-соғу», «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру») үшін қылмыстық кодекстің баптарын жұмсарту салдары болып табылады.

Қырғызстан мен Өзбекстан елдерінің тәжірибесінде отбасылық зорлық-зомбылық Қылмыстық кодекстің жекелеген баптарына бөлінген («Отбасылық зорлық-зомбылық», «Отбасылық (тұрмыстық) зорлық-зомбылық»). Ол үшін айыппұлдар, түзеу жұмыстары және бас бостандығынан айыру түріндегі жаза қарастырылған.

Жазадан басқа, Қырғызстан заңы құқық бұзушылар үшін міндетті, мемлекет демеушілік ететін түзету бағдарламасын қарастырады.

Бүгінгі таңда Қазақстанда әйелдер мен балаларға қатысты

сылған нүктеге келеді. Қолданба іске қосылмас бұрын жалған қоңырау шалып, жала жабу – қылмыстық жауапкершілікке әкелетін ескертеді);

– гендерлік зорлық-зомбылық бойынша ашылған істердің саны мен сапасына байланысты бола-

дағдарыс орталығында болудың ең ұзақ мерзімі 6 айды құрайды).

**Балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық (педофилия)**  
Ұлттық деңгейде балалардың құқықтарына келесі заңнамалық



зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін және жәбірленушілерді кешенді қорғау, оларға көмек көрсету жүйесін құруды қамтитын етудің стратегиясын айқындау мақсатында Қоғаммен әріптестікте қауіпсіздікті қамтамасыз етудің 2024-2028 жылдарға арналған тұжырымдамасы және осы Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары әзірленуде.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарына «Адам құқығы жөніндегі ұлттық орталық» ұсыныстарын енгізу орынды деп санаймыз: – Kades жүйесін енгізу (әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алуға көмектесетін тегін телефон қосымшасы (Түркия тәжірибесі: Түркияда Түркия ИМ-нің KADES ресми тегін қосымшасы бар. Егер әйелге жұбайы немесе басқа ер адам қауіп төндірсе, дабыл батырмасын басады. Геолокацияны қолдана отырып, қосымша полиция бөліміне қоңырау шалып, жақын маңдағы патруль дабыл тетігі ба-

тын құқық қорғау органдарының қызметкерлері арасында жұмысты және уәждемені бағалау жүйесін енгізу (Қырғызстанның тәжірибесі: Қырғызстанда зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимылда елеулі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берген отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық істерімен айналысатын полиция қызметкерлерін бағалау жүйесі белсенді қолданылады);

– отбасы институтын нығайту және отбасылық қысымды түрмыстық зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің және балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша өңірдің аумағын дамыту жоспарына негізгі нысаналы индикаторларды енгізу;

– кәсіпкерлер мен әйелдер істері жөніндегі комиссияларды құрып, оларды қайта құру, тарату мүмкіндігін қарастыру;

актілер кепілдік береді:

– «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Заң;

– Қылмыстық, Қылмыстық-процестік кодекстер, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы», «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы», «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекстер, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі және т. б.

ӘҚБТК-де кәсіпкерлер мен азаматтардың құқықтарына қол сұғатын құқық бұзушылықтарға арналған тұтас тарау бар. Санкциялар айыппұлдан қамауға алуға дейін мүмкіндік береді.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылық көрсеткендер әртүрлі мерзімге бас бостандығынан айырылады және химиялық кастрация арқылы жазаланады.

Облыстағы жалғыз зертхана

Орталықта акушер-гинеколог, уролог, андролог, онколог, онкомаммолог, онкогинеколог, генетик мамандар бар. Мұнда облыстағы жалғыз медициналық-генетикалық зертхана орналасқанын ерекше айту керек.

Онда әйелдің жүктілік кезіндегі барлық скрининг және жаңа туған нәрестелерді тұқым қуалайтын ауру түрлеріне тексерулер жасалады. Мамандары да, олар қолданатын аппараттар да сапалы.

– Біз айтып жатқан патологияларды жүктіліктің алғашқы скринингінде, 10-14 аптада білуге болады, – дейді Ирина Копобасева. – Кейін биохимиялық қан талдауы жасалады. Сонда нақтыланады. Кейбір аурулар емге келеді. Бірнеше патология немесе ауыр дерт анықталса, жүктілікті тоқтату туралы мәселе қозғалады. Бірақ, ол шешімді отбасы өздері қабылдайды.

Әлбетте, ондай шешімге толық зерттеу, нақты диагнозы қажет.

– Қазір генетикаға, репродуктивті денсаулыққа мән беру маңызды, – дейді генетик дәрігер Әлия Жүнісова. – Зерттеулер ересек адамдарға да, балаларға да, шараңа да жасалады. Карриотип зерттеуі тұқым қуаламайтын ауруларды анықтауға мүмкіндік береді. Мәселен, Даун синдромы, Эдвардс, Патау, Шершевский-Тернер синдромдары. Генетик мамандар аз. Облыс үлкен, тұрғыны көп. Кейде зерттеуге кезекті 1-2 ай күтіп қалады. Бірақ, біз бұл мәселені шешуге тырысамыз.

Әлия Қанатқызы соңғы кездері мұндай дерттердің көбеюін диагностикалық мүмкіндіктердің артуымен де байланыстырады.

– Бұл дерттер 10-15 жыл бұрын да болған. Бірақ, ол кезде

ешкім оның қандай ауру екенін білмеген. Қазір ақпарат көп, зерттеу мүмкіндігі де молайды, – дейді ол.

## Ота да осында жасалады

Орталық басшының айтуынша, алдағы уақытта гинекологиялық операциялар да осында жасалады. Қазір жөндеу жүріп жатқан екінші қабатта хирургиялық блок ашылды.

– Ол жоспарлы гинекология бөлімі болады. Әйелге операцияға немесе күндізгі стационарға жату керек болса, кеңес алғаннан кейін екінші қабатқа көтеріледі. Күзде ашылады деп отырмыз, – дейді басы.

Одан басқа, жүкті әйелдердің мектебі де қыркүйекте басталмақ екен. Онда жүктіліктің физиологиялық ерекшеліктері, қауіп факторлары, дұрыс босану жолдары, жаңа туған сәбиге күтім жасау оқытылады.

Орталық толық жұмысқа кіріспесе де, күніне 170-180 адам келеді. Көбінесе өңірлерден. Фариза Әшірбекова Теміртаудан арнайы келген.

– Алғашқы скрининг кезінде генетикалық зерттеулерім дұрыс шықпаса да, Теміртау қаласындағы дәрігерім осы жердің мамандары мен аппараты жақсы деп жіберді, Екінші, сосын үшінші скринингтен де осында өттім. УДЗ маманы Дарья Сухорукова ешқандай мәселе жоқ екенін айтты. Осыған дейін біраз уайымдап едім, қазір көңілім орнына түсті. Дәрігерлері ұғынықты түсіндіреді, асықпай қабылдайды екен, – дейді ол.

Облыстың денсаулық сақтау басқармасының дерегіне, облыста репродуктивті жастағы 288 мың әйел бар. Елдің демографиясына үлес қосатын осылар. Олардың әрқайсының денсаулығы маңызды. Сондықтан, осындай орталықтардың әлі де болса ашылғаны орынды.



Бір мезгілде аталған процеске Қазақстандағы БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) мамандарын тарту мүмкіндігі қарастырылуда.

Үкімет болашақта қабылдауды жоспарлап отырған адам құқықтары қорғауға бағытталған тұжырымдамалық шаралар алғаш рет адам құқықтары саласындағы Үкіметтің тиісті екі жоспарына енгізілді. Оларды іске асыру мерзімдері жүйеленді және айқындалды.

Ұлттық заңнамаға енгізілген соңғы түзетулер адам саулығына қарсы іс-қимыл, мүгедектігі бар азаматтардың құқықтарын сақтау, тұрмыстық зорлық-зомбылық, азаптауға қарсы күрес, қылмыстық заңнаманың орбитасындағы азаматтардың құқықтары, әйелдерге қатысты кемсітушілік жою және т. б. мәселелерде кең ауқымды міндеттерді шешуге бағытталған.

Адамның құқықтарын қорғауға жаңа мүмкіндіктер беретін «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы», «Прокуратура туралы», «Конституциялық сот туралы» Конституциялық заңдардың қабылдануы маңызды оқиғалар болып табылады.

Алқабилердің қатысуымен соттар туралы заңнамаға түзетулер қабылданды, алқабилердің қатысуымен сот қарайтын істер санаттары кеңейтілді.

2023 жылдың наурыз айында азаптаулардың, басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын, немесе қадір-қасиетін қорлайтын қарым-қатынас түрлерінің алдын алуға және сотталғандардың құқықтарын кеңейтуге бағытталған заң қабылданды.

Осы жылдың сәуір айында Мемлекет басшысы ҚР Әлеуметтік Кодексіне қол қойды. Жаңа кодексте әлеуметтік кепілдіктер мен әлеуметтік қолдау нысандарын күшейтуді қамтамасыз етуге бағытталған.

**Азамат ПЛЕШОВ,**  
Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Қарағанды облысы бойынша өкілі







Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 2 наурыздағы № 241 бұйрыққа 4-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығына 5-қосымша Нысан № 4-АҚЖ-Ж

**Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (жанама әдіс)  
2023 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай есепті көзек**

Ұсынылады: бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне Әкімшілік деректер нысанын [www.minfin.gov.kz](http://www.minfin.gov.kz) интернет-ресурсына орналастырылған Әкімшілік деректер нысанының индексі: № 4-АҚЖ-Ж Көзөңділік жылдық

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: қаржы жылының нәтижелері бойынша жария мүдделі ұйымдар Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: жыл сайын есептіден кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей Ескертпе: есепті топтыру бойынша түсіндіру «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (жанама әдіс)» әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымшада келтірілген Ұйымның атауы: «Шубаркөл Көмір» акционерлік қоғамы

**2023 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін**

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	Мың теңге	
		Есепті көзек үшін	Алдыңғы көзек үшін
<b>I. Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының қозғалысы</b>			
салық салынғанға дейінгі пайда (залал)	010	<b>52,626,309</b>	<b>27,459,059</b>
негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы мен құнсыздануы	011	3,936,052	3,531,102
гудвилдің құнсыздануы	012	-	-
сауда және өзге дебиторлық берешектің құнсыздануы	013	176,499	176,009
сатуға арналған шығындарды шегере отырып, әділ құнына дейін сатуға арналған активтердің (немесе шығарылатын топтың) құнын есептен шығару	014	-	-
негізгі құралдарды шығарудан залал (пайда)	015	171,951	545,295
инвестициялық мүлктен залал (пайда)	016	-	-
қарыздарды мерзімінен бұрын өтеуден залал (пайда)	017	-	-
пайда мен залал туралы есеп арқылы түзетумен әділ құны бойынша көрсетілген өзге қаржы активтерінен залал (пайда)	018	-	-
қаржыландыру бойынша шығыстар (кірістер)	019	(26,278,774)	(9,426,943)
қызметкерлерге сыйақылар	020	(86,187)	(29,630)
үлестік құралдарымен сыйақылар бойынша шығыстар	021	-	-
кейінге қалдырылған салықтар бойынша кіріс (шығыс)	022	-	-
іске асырылмаған оң (теріс) бағамдық айырма	023	-	-
үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің пайдасындағы ұйымның үлесі	024	-	-
жалпы жиынтық кірістің (залалдың) өзге ақшалай емес операциялық түзетулері	025	834,198	(4,803,387)
<b>Жалпы жиынтық кірісті (залалды) түзету жиыны, барлығы (+/- 031-ден 036 аралығындағы жолдар)</b>	<b>030</b>	<b>(21,226,261)</b>	<b>(10,007,554)</b>
қорлардағы өзгерістер	031	(1,778,007)	130,880
резервтің өзгерістері	032	-	-
сауда және өзге дебиторлық берешектегі өзгерістер	033	(5,426,351)	(7,432,497)
сауда және өзге кредиторлық берешектегі өзгерістер	034	2,624,566	14,287,392
салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектегі өзгерістер	035	-	-
өзге де қысқа мерзімді міндеттемелердегі өзгерістер	036	-	-
<b>Операциялық активтер мен міндеттемелер қозғалысының жиыны, барлығы (+/- 031-ден 036 аралығындағы жолдар)</b>	<b>040</b>	<b>(4,579,792)</b>	<b>6,985,775</b>
теленген сыйақылар	041	(97,181)	(1,485,202)
алынған сыйақылар	042	67,441	66,477
теленген табыс салығы	043	(4,601,536)	(7,155,444)
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (010-жол +/- 030-жол +/- 040-жол +/- 041-жол +/- 042-жол +/- 043-жол)</b>	<b>050</b>	<b>22,188,980</b>	<b>15,863,111</b>
<b>II. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы</b>			
<b>1. Ақша қаражатының түсуі, барлығы (061-072 аралығындағы жолдардың сомасы)</b>	<b>060</b>	<b>2,229</b>	<b>626</b>
оның ішінде:			
негізгі құралдарды сату	061	-	-
материалдық емес активтерді сату	062	-	-
басқа да ұзақ мерзімді активтерді сату	063	-	-
басқа ұйымдардың (еншілестерден басқа) үлестік құралдарын және бірлескен кәсіпорнікегі қатысу үлесін сату	064	-	-
басқа ұйымдардың борыштық құралдарын сату	065	-	-
еншілес ұйымдарға бақылауды жоғалтқан кезде сату	066	-	-
ақша салымдарын алып жүру	067	1,194	1,094
өзге де қаржы активтерін сату	068	-	-
фьючерстік және форвардтық келісімшарттар, опциондар мен своптар	069	-	-
алынған дивидендтер	070	-	-
алынған сыйақылар	071	-	-
өзге түсімдер	072	1,035	(468)
<b>2. Ақша қаражатының шығарылуы, барлығы (081-092 аралығындағы жолдардың сомасы)</b>	<b>080</b>	<b>17,779,978</b>	<b>15,481,588</b>
оның ішінде:			
негізгі құралдарды сатып алу	081	15,646,561	15,439,688
материалдық емес активтерді сатып алу	082	55,306	41,900
басқа ұзақ мерзімді активтерді сатып алу	083	-	-
басқа ұйымдардың (еншілестерден басқа) үлестік құралдарын және бірлескен кәсіпорнікегі қатысу үлестерін сатып алу	084	-	-
басқа ұйымдардың үлестік құралдарын сатып алу	085	-	-
еншілес ұйымдарға бақылауды сатып алу	086	-	-
ақша салымдарын орналастыру	087	6,681	1,008
өзге қаржы активтерін сатып алу	088	-	-
қарыздар беру	089	2,078,111	-
фьючерстік және форвардтық келісімшарттар, опциондар мен своптар	090	-	-
қауымдасқан және еншілес ұйымдарға инвестициялар	091	-	-
өзге төлемдер	092	(6,681)	(1,008)
<b>3. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы (060-жол – 080-жол)</b>	<b>100</b>	<b>(17,777,749)</b>	<b>(15,480,962)</b>
<b>III. Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының қозғалысы</b>			
<b>1. Ақша қаражатының түсімі, барлығы (111-114 аралығындағы жолдардың сомасы)</b>	<b>110</b>	-	-
оның ішінде:			
акциялардың және басқа қаржы құралдарының эмиссиясы	111	-	-
қарыздар алу	112	-	-
алынған сыйақылар	113	-	-
өзге түсімдер	114	-	-

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 2 наурыздағы № 241 бұйрыққа 5-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығына 6-қосымша №404 Нысан № 5-КӨ

**Капиталдағы өзгерістер туралы есеп  
2023 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай есепті көзек**

Ұсынылады: бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне Әкімшілік деректер нысанын [www.minfin.gov.kz](http://www.minfin.gov.kz) интернет-ресурсына орналастырылған

Әкімшілік деректер нысанының индексі: № 5-КӨ Көзөңділік жылдық Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: қаржы жылының нәтижелері бойынша жария мүдделі ұйымдар Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: жыл сайын есептіден кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей Ескертпе: есепті топтыру бойынша түсіндірме «Капиталдағы өзгерістер туралы есеп» әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымшада келтірілген Ұйымның атауы: «Шубаркөл Көмір» акционерлік қоғамы

**2023 жылдың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін**

Құрауыштардың атауы	Жол коды	Меншік иелеріне тиесілі капитал					Бақылан-байтын меншік иелерінің үлесі	Капитал жиыны
		Жарғылық (акционерлік) капитал	Эмиссиялық кіріс	Сатып алынған меншік үлестік құралдар	Өзге жиынтық кіріс құрауыштары	Бөлінбеген пайда		
<b>Алдыңғы жылдың 1 қаңтарына сальдо</b>	<b>010</b>	<b>9,543,292</b>	<b>188,565</b>	<b>(3,001)</b>	<b>58,289</b>	<b>81,295,997</b>	-	<b>91,083,142</b>
<b>Есептік саясаттағы өзгеріс</b>	<b>011</b>	-	-	-	-	-	-	-
<b>Қайта есептелген сальдо (010-жол +/- 011-жол)</b>	<b>100</b>	<b>9,543,292</b>	<b>188,565</b>	<b>(3,001)</b>	<b>58,289</b>	<b>81,295,997</b>	-	<b>91,083,142</b>
<b>Жалпы жиынтық кіріс, барлығы (210-жол + 220-жол):</b>	<b>200</b>	-	-	-	-	<b>7,487,389</b>	-	<b>7,385,103</b>
Бір жылдағы пайда (залал)	210	-	-	-	-	7,487,389	-	7,487,389
<b>Өзге жиынтық кіріс, барлығы (221-229 аралығындағы жолдардың сомасы):</b>	<b>220</b>	-	-	-	<b>(102,286)</b>	-	-	<b>(102,286)</b>
оның ішінде:								
өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған борыштық қаржы құралдарын қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда)	221	-	-	-	-	-	-	-
өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған үлестік қаржы құралдарын қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда)	222	-	-	-	-	-	-	-
негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда)	223	-	-	-	-	-	-	-
үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық кірісегі (шығындағы) үлесі	224	-	-	-	-	-	-	-
зейнетақы міндеттемелері бойынша ақтуарлық пайда (залал)	225	-	-	-	(125,993)	-	-	(125,993)
кейінге қалдырылған салыққа табыс салғының мөлшерлемесіндегі өзгерістің өсері	226	-	-	-	23,707	-	-	23,707
ақша ағындарын (салық тиімділігін шегереңде) хеджирлеу	227	-	-	-	-	-	-	-
шетел операцияларына таза инвестицияларды хеджирлеу	228	-	-	-	-	-	-	-
шетелдік ұйымдарға инвестициялар бойынша бағамдық айырма	229	-	-	-	-	-	-	-
<b>Меншік иелерінен операциялар, барлығы (310-318 аралығындағы жолдардың сомасы):</b>	<b>300</b>	-	-	-	-	<b>(97,499,999)</b>	-	<b>(97,499,999)</b>
оның ішінде:								
Қызметкерлерге акциялармен сыйақы	310	-	-	-	-	-	-	-
оның ішінде:								
қызметкерлердің көрсететін қызметтерінің құны	-	-	-	-	-	-	-	-
қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру схемасы бойынша акциялар шығару	-	-	-	-	-	-	-	-
қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру схемасына қатысты салықтық пайда	-	-	-	-	-	-	-	-
Меншік иелерінің жарналары	311	-	-	-	-	-	-	-
Өз үлестік құралдарын (акцияларын) шығару	312	-	-	-	-	-	-	-
Бизнесі біртүрліне байланысты үлестік құралдарды шығару	313	-	-	-	-	-	-	-
Айырбасталатын құралдардың үлестік құрауышы (салық тиімділігін шегереңде)	314	-	-	-	-	-	-	-
Дивидендтерді төлеу	315	-	-	-	-	(97,499,999)	-	(97,499,999)
Меншік иелерінің пайдасына өзге де бөлулер	316	-	-	-	-	-	-	-
Меншік иелерінен өзге де операциялар	317	-	-	-	-	-	-	-
Бақылауды жоғалтуға әкеп соқтырмайтын еншілес ұйымдардағы қатысу үлесіне өзгерістер	318	-	-	-	-	-	-	-
Өзге де операциялар	319	-	-	-	-	-	-	-
<b>Есепті жылдың 1 қаңтарына сальдо (100-жол + 200-жол + 300-жол+319-жол)</b>	<b>400</b>	<b>9,543,292</b>	<b>188,565</b>	<b>(3,001)</b>	<b>(43,997)</b>	<b>(8,716,613)</b>	-	<b>968,246</b>
<b>Есептік саясаттағы өзгеріс</b>	<b>401</b>	-	-	-	-	-	-	-
<b>Қайта есептелген сальдо (400-жол +/- 401-жол)</b>	<b>500</b>	<b>9,543,292</b>	<b>188,565</b>	<b>(3,001)</b>	<b>(43,997)</b>	<b>(8,716,613)</b>	-	<b>968,246</b>
<b>Жалпы жиынтық кіріс, барлығы (610-жол + 620-жол):</b>	<b>600</b>	-	-	-	-	<b>41,832,023</b>	-	<b>41,832,023</b>
Бір жылғы пайда (залал)	610	-	-	-	-	41,832,023	-	41,832,023
Өзге жиынтық кіріс, барлығы (621-629 аралығындағы жолдардың сомасы):	620	-	-	-	-	-	-	-
оның ішінде:								
өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған борыштық қаржы құралдарын қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда)	621	-	-	-	-	-	-	-
өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған үлестік қаржы құралдарын қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда)	622	-	-	-	-	-	-	-
негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда)	623	-	-	-	-	-	-	-
үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық кірісегі (шығындағы) үлесі	624	-	-	-	-	-	-	-
зейнетақы міндеттемелері бойынша ақтуарлық пайда (залал)	625	-	-	-	-	-	-	-
мерзімі кейінге қалдырылған табыс салғының мөлшерлемесіндегі өзгерістер тиімділігі	626	-	-	-	-	-	-	-
ақша ағындарын (салық тиімділігін алып тастағанда) хеджирлеу	627	-	-	-	-	-	-	-
шетел операцияларына таза инвестицияларды хеджирлеу	628	-	-	-	-	-	-	-
шетел ұйымдарына таза инвестициялар бойынша бағамдық айырма	629	-	-	-	-	-	-	-
<b>меншік иелерінен операциялар, барлығы (710-718 аралығындағы жолдардың сомасы)</b>	<b>700</b>	-	-	-	-	-	-	-
оның ішінде:								
Қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру	710	-	-	-	-	-	-	-
оның ішінде:								
қызметкерлердің көрсететін қызметтерінің құны	-	-	-	-	-	-	-	-
қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру схемасы бойынша акциялар шығару	-	-	-	-	-	-	-	-
қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру схемасына қатысты салықтық пайда	-	-	-	-	-	-	-	-
Меншік иелерінің жарналары	711	-	-	-	-	-	-	-
Өз үлестік құралдарын (акцияларын) шығару	712	-	-	-	-	-	-	-
Бизнесі біртүрліне байланысты үлестік құралдар шығару	713	-	-	-	-	-	-	-
Айырбасталатын құралдардың үлестік құрауышы (салық тиімділігін алып тастағанда)	714	-	-	-	-	-	-	-
Дивидендтерді төлеу	715	-	-	-	-	-	-	-
Меншік иелерінің пайдасына өзге де бөлулер	716	-	-	-	-	-	-	-
Меншік иелерінен өзге де операциялар	717	-	-	-	-	-	-	-
Бақылауды жоғалтуға әкеп соқтырмайтын еншілес ұйымдардағы қатысу үлесіне өзгерістер	718	-	-	-	-	-	-	-
Өзге де операциялар	719	-	-	-	-	-	-	-
<b>Есепті жылдың 31 желтоқсанына сальдо (500-жол +</b>								



ТАҒЫМ

# Біртуар ғалым, бірегей тұлға

Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің қолдауымен, Қарағанды қаласының орталықталдырылған кітапхана жүйесі М.Әуезов атындағы орталық қалалық кітапханада «Гибратты тұлға» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. «Өлке тұлғалары» кітапханалық тележоба аясында ұйымдастырылған шара біртуар ғалым, техника ғылымдарының докторы, профессор, академик Жамбыл Ақылбаевтың туғанына 85 жыл толуына арналды.



адал қызмет етіп жүр, – дейді Салауат Қамшыбайұлы.

Басқа қонақтар да Жамбыл Сәулебекұлының өнегелі жолы, ғалым атындағы облыстық олимпиада байқауы жайында мағлұмат берді. Бойындағы асыл қасиеттері мен ұжымды ұйыстыра білетін іскерлігі де тілге тиек етілді.

Айтқыскер ақын Дидар Қамиев біртуар ректордың аруағына арнап, арнау айтты. Ғалымның азаматтық болмысын, патриоттығын өлеңмен суреттеді.

Бұдан бөлек, өмірі мен қызметі, шығармашылығы жөнінде деректі фильм және ол туралы

## Еске алу

Ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген азамат – Амангелді ШӘРІПҰЛЫНЫҢ дүниеден озғанына 40 күн толып отыр.

Ол 1942 жылы Шет ауданы, Ақбауыр ауылында дүниеге келді. Жетіжылдық мектепті – ауылында, онжылдықты – Ақсу-Аюлыдағы Ү.Алтынсарин атындағы мектепте тәмамдады. Әскери борышын өтеді. Алматы ауыл шаруашылық институтында оқып, инженер мамандығын алды.

Өмір жолындағы ауыртпалықтар: анасынан жастай айырылуы, апасы мен бауырының мезгілсіз қайтыс болуы жасытпады, керісінше, шыншай түсті. Кейінде, балаларының алды енді ержетіп келе жатқанда, олардың анасы бақилық болды.

Еңбекке ерте араласты. 1959-1971 жылдары ауылында әртүрлі қара жұмысты атқарды, механизатор болды. «Путь к коммунизму» совхозында механик, комсомол комитетінің хатшысы, қауіпсіздік жөнінде инженер міндеттерін атқарды.

1971-1995 жылдары партия-кеңес органдары тәжірибелі әрі жоғары білімді азаматты жауапты жұмыстарға тартты. Қызметі негізінде, Ақадыр ауданында өтті. «Қарабұлақ» совхозында – бас инженер, «Өспен» совхозында – партком хатшысы, Ақадырда – «Мемсельхозтехника» бірлестігінің басшысы, «Ақшатау» совхозында – директор секілді лауазымды жұмыстардың тізгінін ұстады. Депутат және пленум мүшесі ретінде ауданның қоғамдық-саяси жұмыстарына белсене қатысты.

Амангелді Шәріпұлы қандай қызметті атқармасын, терең білімі мен біліктілігін көрсете білді, инженерлік-технологиялық жаналықтарды енгізді. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін, Шет ауданы, «Ақшоқы» ауылында жеке кәсіпкерлікпен де шұғылданды.

Оның өмірге деген өзіндік берік ұстанымы болды, ой-пікірін ашық айтты, қорғай алды, дос-жарандарымен қарым-қатынаста адалдық танытты, атақ-мансап қуудан аулақ болды.

Қаршадайынан еңбекке араласқан, жауапты қызметтерді атқарған, кезінде Шет әрі Ақадыр аудандарының әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан осындай азаматтың еңбегінің еленбегені қынжылтады да: не бір «қағаз» белгі, не бір «темір» белгі алмаған. Кімді кінәлаймыз? Бірақ, бұл тірілерге, тиісті реттеуші органдарға ой тастарлық жәйт. Абзал азаматтың артында жұбайы, тәрбиелі ұрпағы қалды. Немере-шөберелері ержетіп келеді, алды еңбекке араласа бастады.

Дос пен аға, әке мен ата ретіндегі жарқын да кимас бейнесі – әрқашан жадымызда. Жатқан жері – жайлы, тәні – рахатта, рухы – шаттықта болып, нұры пейіште шалқуға жазғай.

Еске алушылар: жұбайы, балалары, достары, бауырлары  
P.S Марқұмның 40 күндік асы 2 тамыз, 2023ж., сағ. 19:00-де Әнет баба атындағы мешітте өтеді.  
№453

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Өндірісті өлкеміздің өсіп-өркендеуіне сүбелі үлес қосқан атақты ғалым Жамбыл Сәулебекұлының өмір жолын жас буынға үлгі етіп, кеңінен насихаттауды көздеген кеш тартымды өтті. Емін-еркін пікір алмасып, кештің көрігін қыздырды жастар. Өздерін мазалаған сұрағына жауап алды. Ғылымға деген ынтықсы да оянғандай.

Кештің тағылымға толы болуына Арқаның ғалымдары үлес қосты. Атап айтсақ, жиынға техника ғылымдарының докторы, профессор Сәбит Қонтаев, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Салауат Кентбек, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректоры Мейіржан Сыздықов, филология ғылымдарының докторы, профессор Берік Рахимов, Жамбыл Ақылбаевтың туған қарындасы Ақмарал Ақылбаева, ақын, жыршы-термеші Дидар Қамиев, Шет ауданы Ж.Ақылбаев атындағы мектеп-гимназия директоры Гүлбаршын Мықышева және басқа да оқырман қауым қатысып, түрлі тұшымды әңгіме өрбітті.

бөлімінің меңгерушісі Айтқұл Төлеуханқызы академик туралы тың деректер мен шығармашылығына қатысты ақпараттарды ортаға салды.  
– Жамбыл Сәулебекұлы – еліміздің түпкір-түпкіріне сан қырлы мамандық иелерін даяр-



лап, тәрбиелеуде өзіндік сара жолын, жан-жақты педагогиканың мықты үрдісін лайықты жалғас-

тырған біртуар педагог, бірегей ғалым, білікті басшы. Оның шәкірттері түрлі салада еліне

кітаптар мен басылымдар қойылған кітап көрмесі жұрт назарына ұсынылды.

# Генерал-майор есімі берілді

Қарағанды облысы полиция департаментінің тергеу-криминалистік оқу орталығына полиция генерал-майоры Нұрлан Рахымберлиннің есімін беру құрметіне арналған салтанатты шара өтті. Шараға генерал-майордың тәлімгері, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің құрметті ардагері Амангелді Бекжанов қатысты.

Ішкі істер департаментінің бастығы болғанға дейінгі қызмет жолынан сыр шертетін естеліктер жазылған стендтер ілінді.  
Жиын соңында Әсел Рахымберлина департамент басшылығы

Аида РАХЫМҚҰЛОВА, «Ortalyq Qazaqstan»

Генерал білімі мен еңбекқорлығының арқасында Қарағанды облысының ғана емес, еліміз бойынша тергеу саласына үлкен із қалдырған тұлға. Шараға департамент басшылығы, ішкі істер органдарының ардагерлері, жас қызметкерлер және Нұрлан Армияұлының қызы және немересі қатысты.

Алдымен оқу-жаттығу полигонының алдында қызыл лентаны облыстың полиция департамент бастығы Санжар Әділов пен Нұрлан Рахымберлиннің қызы – Әсел Рахымберлина кесті.

Полиция генерал-майоры Нұрлан Армияұлының есімі берілген оқу орталығында марқұмның құрметіне арналған естелік бұрышы



ашылып, оның өмір жолы мен ішкі істер органдарына қызметке тұрып, Қарағанды облыстық

мен жеке құрамына әкесін еске алып, құрмет көрсеткендеріне алғысын білдірді.

РЕСМИ

## Жаңа құрылғы іске қосылды

Облыстың полиция департаментінің автоқызмет шаруашылығында жаңа құрылғы іске қосылды деп хабарлайды Polisia.kz. Атап айтқанда, департамент қызметтік автокөліктерінің дөңгелектерін бұдан былай өздері ауыстырады.

Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұған дейін департамент көлік дөңгелектерін ауыстыру үшін жеке кәсіпкерлермен келісімшартқа отыратын. Енді осы мамандыққа арнайы машықтанған шаруашылық қызметкерлері дөңгелек ауыстыру жұмыстарын өздері жасайды.

– Ішкі істер министрінің тапсырмасымен, облыс әкімінің қолдауымен бүгінгі күні автоқызмет шаруашылығында жаңа құрылғы іске қосылды. Бұл құрылғымен жұмыс істеу үшін қызметкерлерімізді арнайы оқыттық. Олар қазір күніне 20-30 көліктің дөңгелегін ауыстырады, – деді автоқызмет шаруашылығы бастығының орынбасары Асанәлі Әкімов.

Қызмет барысында тәртіп сақшыларының көліктері сақдай сай болуы маңызды.

ЖОБА

# «Жолда қазақ тілін үйренеміз»

«Жолда қазақ тілін үйренеміз!» Қала автобустарында енді қазақ тілінен бейнесабақтар көрсетіледі. Бұл идеяны ойлап тауып, жүзеге асырушы – «Шырақ» тіл орталығы. Жоба маусым айында басталған. Осы жылдың 15 қарашасына дейін жалғасады.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»



«Шырақ» тіл орталығы былтыр ашылып, бір жылда 793 адамға тіл курстарын өткізген. Оның 539-ы – қазақ тілін, 254-і – ағылшын тілін оқыған. Сабақтар онлайн және офлайн форматта ұйымдастырылады. Мемлекеттік тілді үйренуге

арналған бейнероликтер қала орталығындағы экрандарда және Оңтүстік-Шығыс, Федоровка, Ми-

хайлов, Майқұдық, Пришахтинск, Сұрыптауға баратын жолаушылар автобустарында көрсетіледі. Мұндай бейнесабақтарды теміржол вокзалында, автовокзалда және әуежайда іске қосу жоспарда бар екен.

Қарағанды облысы: ауа райы

	29 шілде	30 шілде	31 шілде
Қарағанды қаласы	+30 +13	+27 +17	+30 +14
Абай ауданы	+30 +13	+28 +16	+30 +13
Ақтоғай ауданы	+30 +14	+26 +16	+29 +15
Бұқар жырау ауданы	+29 +15	+26 +16	+28 +15
Қарқаралы ауданы	+29 +14	+20 +17	+27 +14
Нұра ауданы	+30 +12	+29 +14	+30 +14
Осакаров ауданы	+29 +15	+28 +16	+29 +16
Шет ауданы	+31 +14	+26 +18	+30 +15

Ақпарат: <https://www.gismeteo.kz/> сайтынан алынды.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық кеңесі облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің Бас редакторы, ардагерлердің шынайы қамқоршысы Еркін Кәрібайұлы Мұсабековке шешесі, еңбек ардагері  
**Сәнияш СЕЙІЛҚЫЗЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, шын пейілмен көңілі айтады.

**Электрондық пошта:**  
ortalyk.kaz@mail.ru

**43-21-55**  
Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

ТОО «AlemGaz» уведомляет потребителей о повышении предельной цены на услуги розничной реализации сжиженного емкостного через ГРУ с 04 августа 2023 года в соответствии с пунктом 16 «Правил ценообразования на общественно значимых рынках», утвержденных Приказом Министерства национальной экономики РК от 01.02.2017 года № 36. Увеличение тарифа связано с увеличением стоимости предельной цены сжиженного нефтяного газа, реализуемого в рамках плана поставки, сжиженного нефтяного газа на внутренний рынок Республики Казахстан вне торговых бирж на период с 1 июля 2023 года по 30 июня 2024 года в размере 40 320 тенге за тонну без учета НДС. Цена на услуги розничной реализации сжиженного емкостного через ГРУ за 1 кг газа составит 241,13 тенге без учета НДС.





• СПАРТАКИАДА

## 500 спортшы бақ сынасты

Дәстүрге айналған «Сарыарқа» XXXV облыстық жазғы ауыл спартакиадасы екі күнге созылды. Облыс орталығында өткен бәсекеге жеті ауданнан 500-ден астам спортшы келді. Спартакиаданың ашылу салтанатында облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Темірхан Абылаев қатысушыларға жылы лебізін білдірді.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Бүгін – ауыл мерекесі. Қарағанды облысында ауыл спорты жоғары деңгейде дамыған. Әр ауданнан Әлем, Олимпиада және алуан түрлі бәсекелерден топ жарып жүрген спортшылар шықты. Бұл – біз үшін мақтаныш. Әрине, бұл жетістіктер – сіз бен біздің ортақ еңбегіміздің жемісі. Халықаралық деңгейдегі спортшылардың бәрі ауылдан қанат қаққаны аян. Спортшыларын қолдап, спартакиадаға алып келген әр аудан басшысына алғысымыз айтамын, – деді Темірхан Абылаев.

Қатысушылар спорттың волейбол, шағын футбол, асық ату-бес асық, армрестлинг, кір спорты, президенттік көпсайыс, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ, қазақ күресі және үстел теннисі сынды 11 түрінен бақ сынады.

– Қарқаралы ауданынан 80-нен астам спортшы келді. Бәрі де өз ісінің шеберлері, түрлі байқауларда топ жарған жүйріктер. Мәселен, волейбол командасы ауданның намысын қорғап жүр. Түрлі турнирлерде жүлде алған. Палуандар да осал емес. Бұған дейінгі спартакиададан ауданның құрамасы жалпыкомандалық есепте жүлделі орыннан көріне алмай келген-ді. Осы жолғы бәсекеге кіл мықтылардың басын қостық, – деді спорт саласының маманы Дәурен Сүлейменов.

Шет ауданды Жарық станциясынан келген Абылай Қобдабай ұлттық спорт түрі, оның ішінде

асық ату сайысына түседі. Бүгінде бағындырған өзіндік белестері бар. Өзі спорт шеберлігіне үміткер, әрі Көкшетау қаласында өткен республикалық байқаудың жеңімпазы. Былтыр да асық ату сайысында командасымен I орын иеленген.

– Асықты бала кезімнен ойнаймын. Әрине, бұл ойынды ойнамаған бала жоқ шығар. Кейіннен мен ұлттық спортымызды

лемін. Түрлі байқауларға қатысып, жүлдегер атандым.

Ереже бойынша асық атудан командамен сайысады. Яғни, бір командада үш адамнан. Егер команда мүшелерінің екеуі кездесуде жеңсе, келесі кезеңге өтеді. Финалға дейін әр команда осы жүйемен жалғастыра береді. Бұдан бөлек, әр команда қосалқы құрамға тағы бір қатысушы алып келеді, – деді Абылай.



насихаттау мақсатында асықты қолыма қайта алдым. Кәсіби тұрғыда айналысып жүргеніме төрт жыл ғана уақыт өтсе де, тәжірибелі мамандардан ақыл-кеңес сұрап ке-

Ақтоғайлық палуан Бекнұр Қоғалов қарсыласын шақ келтірген емес. 90 келіде белдесетін спортшы бұған дейін талайдың жауырынын жер иіскеткен.

– Күресте «командалық» деген ұғым жоқ. Бәрі өзіне байланысты. Ептілігің мен күш-жігерің сыналатын сәт. Былтыр да осы спартакиадаға 90 келі салмақта белдесіп, II орынды иеленіп қайтқанмын. Былтыр күрескен қарсыластарым жоқ. Бәрі бірінші рет қатысып жатыр демесеңіз, азды-көпті жетістіктері бар. Бұрыннан белдесіп жүрген палуандар бір-біріне саран. Бабымыз бен бағымыз қатар шауып жатса, нұр үстіне нұр болар еді, – дейді Бекнұр.

Спортшы «Сарыарқа барысы» өңірлік байқауында да бақ сынаған екен. Алайда, сәттілік жетіспей қалыпты.

Ал, ақтоғайлық Гүлшат Исбекқызының бес асықпен шұғылданып келе жатқанына алты жылдың жүзі болыпты. Былтыр спартакиадаға командасымен қатысып, жүлделі орын иеленуді мақсат етіп келіпті.

– Бұл ойынға 7-8-сыныпта оқып жүргенімде қызықтым. Дене шынықтыру пәні мұғалімі Тілеуберген ұстазымыз үйретіп еді. Әр сабағында бізді жаттықтырды. Кейінірек қолымыз қалыптастып қалған шақта мектепшілік, қалалық турнирлерге қатыстыра бастады. Былтыр осы спартакиадаға әкелді. Биыл да дайындықты тыңғылықты жасадық. Былтырғы кемшілікті биыл қайталамаймыз деген ойдамын, – дейді Гүлшат.

Бес асық ойынының да ережесі асық атуға ұқсас. Яғни, әр командада үш қатысушыдан болады. Жеребе арқылы қарсыластары анықталып, өзара сайысады. Жеңілген команда жарыс жолынан шығады.

Сонымен, спартакиада қорытындысы бойынша командалық есепте Абай ауданынан келген спортшылар I орын иеленді. Олардың қоржынында 5 алтын, 2 күміс, 3 қола жүлде.

1 алтын, 4 күміс, 1 қола жүл-

де иеленген Шет ауданының командасы II орынға шықты. Ал, III орын нұралықтарға бұйырды. Олар 2 алтын, 1 күміс, 3 қола жүлде еншіледі.

• СПОРТ

## GGG-дің алғашқы бапкері

Аты аңызға айналған боксшы Геннадий Головкиннің тәлімгері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Виктор Дмитриев мерейлі – 70 жаста. Осыған орай дене шынықтыру және спорт басқармасы тарапынан даңқты бапкерге зор құрмет-қошемет көрсетілді. Сондай-ақ, дәл осы мерейлі сәтте Қарағанды облысының қоян-қолтық ұрыс федерациясы әлем чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттады.



– 70 жасқа жеткен де бар, жетпеген де бар. Жаттықтырушы ретінде айтарым баршылық. Осы аралықта көптеген шәкірт тәрбиеледім. Арасында чемпионы да, чемпион емесі де бар. «Ұстаздан шәкірт озар» деген рас сөз. Міне, шәкіртім, тәлімгерімнен асып, әлем танитын ен мықты боксшыға айналды. Бұған қуанышымда шек жоқ. Менің 70 жасымды елеп-ескергендеріңізге пын жүректен алғыс айтамын.

Қарағандыда дарынды боксшылар дүниеге келді. Жыл өткен сайын Қарағанды аймағында спортшылар мен боксшылардың қатары толығып келеді. Бұл – зор жетістік, – деді Виктор Константинович.

Виктор Дмитриев 1953 жылы 26 шілдеде Қарағанды қаласын-

калық және халықаралық жарыстарда жеңіске жетіп, жүлдегер атанды. Әйтсе де, Виктор Константинович еңбегінің керемет нәтижесі, әрине, Қазақстанның мақтанышы – Геннадий Головкин.

Бапкер құрметіне арналған салтанатты сәттің мәнін қоян-қолтық ұрыстан әлем чемпионатында жеңіске жеткен спортшыларды марапаттауда аша түсті. Астана қаласында өткен чемпионатта Қазақстан құрамасы жеңіске жеткен болатын. Жекпе-жекшілер 21 алтын, 19 күміс және 21 қола медальды жеңіп алды. Чемпионатқа 32 елден 312 спортшы қатысты. Сонда Қазақстан жалпы медальдық есепте бірінші орын тұғырынан көрінді.



да дүниеге келген. Әскерде қысқа уақыт өткізіп, Костенко атындағы шахтада жұмыс істеді. Тау-кен техникумында мамандық алып, содан кейін педагогикалық институттың «Дене тәрбиесі» факультетін бітірді. Кейін ПТУ-да оқытушы болып жұмыс істегеннен кейін 1987 жылдан Виктор Константиновичтің жаттықтырушылық қызметі басталды. Әуелі «Еңбек резервтері» қоғамында, одан соң Қарағандының спорт ұйымдарында жалғасты. Бапкер әлі де облыстық олимпиадалық резерв мектебінде балаларды боксқа жаттықтырады. Қазақстан Республикасының 10-нан астам спорт шеберін, 20 спорт шеберіне үміткер тәрбиеледі. Оның шәкірттері республи-

Бұған қарағандылық спортшылардың да қосқан үлесі қымбат. Атап айтсақ, Сора Рахмонова мен Эмилия Ларионова алтын медальды иеленді. Ал, Жандос Мадехианов пен Сағыншы Асылбекова күміс жүлдегер атанды.

Қарағанды облысының қоян-қолтық ұрыс федерациясының президенті Данияр Халилин чемпиондарға – 500 мың теңге, жүлдегерлерге – 300 мың және жаттықтырушыларға 100 мың теңге мен Алғыс хат табыстап, жеңісті күндердің көп болуын тіледі.

Қарақат ҚУРМАШЕВА,  
Л.Гумилев атындағы  
ЕҰУ-дің II курс студенті

• ОЛИМПИАДА

## Парижден шақырту алды

Қазақстан 2024 жылы Парижде өтетін жазғы Олимпиада ойындарына қатысуға ресми түрде шақыру алғанын Мәдениет және спорт министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

«ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Қазақстан Париждегі XXXIII жазғы Олимпиадаға ресми түрде шақыру алғанын хабарлайды. Ресми құжатты халықаралық Олимпиада комитеті Қазақстан Республикасының

Ұлттық олимпиада комитетіне жолдады», – делінген хабарламада.

Еске сала кетейік, 2021 жылы Токиода өткен Олимпиадада 97 қазақстандық спорттың 28 түрінен бақ сынап, 8 қола медаль жеңіп алған болатын.

Осы жолғы Олимпиада ойындары 2024 жылғы 26 шілде мен 11 тамыз аралығында Парижде



өтеді. Осы ретте шосседегі велоспорттан Қазақстанның ерлер құрамасы Париж Олимпиадасының лицензиясын жеңіп алғанын айта кету керек. Маусымда Таи-

ландтың Райгон қаласында өткен Азия чемпионатында Франция – 366, АҚШ – 131, Ұлыбритания – 64, Аустралия мен Жапония – 45 лицензияға ие болған еді.

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Сауағар Ақрағат» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**  
Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – **О.В. МЯГКИХ**  
Директордың орынбасары – **Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА**

Бас редактордың орынбасары м.а. – **Қ.А. АЙТЖАН**  
Бас редактор – **Е.К. МҮСАБЕК**  
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**  
Жауапты хатшы – **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

**Телефондар:**  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шет, Балқаш, Призерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Оскарво: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К218ВРУ00030163 куәлігі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

**Электрондық пошта:** ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

**Газет жеткізілмесе**  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJВK2ХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 463

№83 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

**Бағасы келісім бойынша**  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**  
Газеттің компьютерлік органында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор **Жансая ОМАРБЕК**